

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сауран ауданының ,білім бөлімне қарасты «Көркем» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мекемесінің тәрбиеленушілердің балабақшадан тыс уақытта өмір қауіпсіздігін сақтауда ата-ана жауапкершілігін арттыру мақсатында балабақша және ата-аналар арасында түзілген

КЕЛІСІМ ШАРТ № 1

Сауран ауданы
Сауран ауылы

Төмендегі қол қойып, шарт жасаушылар

Бірінші жағы :«Көркем» балабақшасы МКҚК мекемесі тарапынан А.Темірбаеваға

Екінші жағы: « _____ » тобының тәрбиешісі _____

Анасы/әкесі _____

Келісім шарт жасауының мазмұны

1.Тараптардың құқықтармен міндетті

- 1.1 «Көркем» бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мекемесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы заң» бойынша бағдарламасына сәйкес балаға білім береді, тәрбиелейді.
- 1.2 Балабақша балалар балабақшада болған кездегі уақытта өмірі және денсаулығын қорғау және нығайтуға, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеуге баулу.
- 1.3 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруге жағдай жасау
- 1.4 Ата-аналар мен өзара іс-әрекет жасауға
- 1.5 Бала жарнасы 4000 теңгені құрайды. Бір айда 21 күнге шашқанда күніне 190 теңгеге түседі.
- 1.6 Өз Отаны Қазақстан Республикасының сүйіспеншілікке, Мемлекеттік Рәміздерді құрметтеуге халық дәстүрін қастерлеуге үйрету
- 1.7 Оқуына ықпал жасайтын тәрбие жұмыстарын жүргізу
- 1.8 Балаларды күніне уақыттылы 3 рет тамақпен қамтамасыз етуге
- 1.9 Балаларды таңертеңге сағат 8:00 ден кешкі 18:00 ға дейін арнайы күн тәртібі бойынша тәрбиелеуге
- 1.10 Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандартына сәйкес жұмыс жүргізуге міндетті

2. Ата-аналардың міндеттері

- 2.1 Мемлекеттік мекеменің Жарғы мен Педагогикалық кеңестің қаулысында көрсетілген ережелер мен нұсқаулықтармен танысып білуге.
- 2.2 Ата-аналар комитеті арқылы мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысуға (балабақшаның ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне және ұйымдастырылған іс-шараларға)
- 2.3 Баланы балабақшаға белгіленген тәртіппен кешіктірмей алып келуге, уақыттылы баланы балабақшадан әкетуге, баланы тәрбиешіге қолма-қол тапсыруға, таза және дені сау күйінде алып келуге міндетті.
- 2.4 Егер баланың денсаулығы болмай тұрған болса, тәрбиешісіне ескерту керек.
- 2.5 Егер баланы балабақшаға беру кезінде баланың денсаулығында немесе дене бітімінде мүкістері болса, бұл туралы медбикеге және тәрбиешісіне ескерту керек.
- 2.6 Баланы балабақшада көрсетілген күн тәртібіндегі шарттарды орындауға міндетті
- 2.7 Балабақшаға келетін балаға алтын бұйым тағуға, ұялы сымтетік әкелуге болмайды, жоғалған жағдайда балабақша әкімшілігі жауап бермейді.
- 2.8 Ата-ана баланың тамағының жарнасын уақытылы төлеуі тиіс.
- 2.9 Ата-ана баласын балабақшадан себепсізден себепсіз қалдырмауға міндетті.
- 2.10 Тәрбиеленушілерді автокөлікпен тасымалдау келісім шарты ата-анамен көлік жүргізушісі арасында жүргізіледі және балабақша әкімшілігі жауап бермейді.
- 2.11 Тәрбиеленуші денсаулығына байланысты үйінде болған жағдайда өмір қауіпсіздігіне ата-ана жауапты (қысқы және жазғы маусымдардағы демалыс беру өтініштері)
- 2.12 Ата-аналар жазбаша түрде өзі туралы мәлімет: тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы, үй сымтетігі нөмерін беру тиіс

Ерекше жағдайлар

Келісім шарт екі данадан жасалады және тараптардың қолдары қойылады.

Келісім шарттың береуі балабақша әкімшілігінде, бір данасы ата-анада сақталады

Тараптар келісім шартқа заңды түрде өзгерістермен толықтырулар енгізуі мүмкін.

Келісім шарт екі тараптың қол қойылған күннен бастап өз күшіне енеді.

Келісім шарт екі тараптың бірі бұзғанға дейін өз күшін жоғалтпайды.

«Көркем» бақшасының меңгерушісі _____

Темірбаева А.

Тәрбиеленушінің ата-анасы _____

